

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Құрметті әріптестер!

«М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы»КМҚК мектеп кітапханалары,мектеп мұражайлары және жеке пайдаланушыларға арналған Павлодар облысы балалар қозғалысының тарихы бойынша «Пионериядан «Жас Ұланға дейін» орыс тілінде жазылған шежіре-кітапты сатып алуға тапсырыс жинауды ұйымдастырады.

Тапсырыстар 2016жылғы сәуірдің 28-не дейін мына электрондық мекенжай бойынша: metodkabinet14@mail.ru қабылданады.

«Пионериядан «Жас Ұланға дейін» атты бірегей шежіреде Павлодар облысы пионер ұйымының тарихы, Павлодарда және Ертісте бірінші пионер жасақтарын құрған ұйымдастырушылар, аты аңызға айналған «Көк жейде» жасағы, Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдары пионерлердің атқарған қызметі туралы материалдар табуға болды.

20-30 жылдардағы комсомол және пионер мүшелері, түрлі буын жастағы пионер тәлімгерлерінің естеліктерінің тарихи құндылығы зор. Кітаптың бір тарауы Павлодарда бірінші болып ұйымдастырылған, түлектері облыс пен республикаға белгілі педагог атанған 1965 жылғы тәлімгерлердің педагогикалық класына арналған. 70-80 жылдарғы пионер ұйымының қызметі туралы кітаптың үлкен бір бөлігі мазмұндайды. Павлодар облыстық ұйымының Құрмет кітабы 80-жылдарғы үздік пионер ұйымдарын атайды.

Автор балалар қозғалысының даму орталығына айналған облыстағы пионер Үйлері,пионер және оқушылар Сарайының тарихы, облыстың пионер лагерлері,олардың ұйымдастырушылары мен тәлімгерлері туралы әңгімелейді. Кітап мазмұны Павлодар облысының Мемлекеттік мұрағат материалдарымен дәлелденген.

Шежіре кітаптың авторы - Шакиримова Вера Саттарқызы, М.М.Катаев атындағы Павлодар облыстық Оқушылар сарайының әдіскері,педагогикалық еңбектің ардагері,Қазақ ССР-нің ағарту ісінің үздігі. Ол 2013 жылы 60-90 жылдардағы Павлодар қаласының пионер тәлімгерлеріне арналған «Юность» с нами навсегда» деп аталатын кітаптың авторы.

Сіздерге ұсынылып отырған «Пионериядан «Жас Ұланға дейін» шежіре кітабы аға тәлімгерлер,пионер және балалар қозғалысының көшбасшылар,мектеп және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері және ЖОО-ның оқытушылары мен студенттерінің қызығушылығын оятып, пайдасын тигізеді. Сонымен қатар мектеп оқушыларының жобалық жұмысына үшін таптырмас материал.

Кітап форматы – А4, сыйға тартылатын, көлемі 500 бет. Кітап сирек кездесетін 200-ден астам фотоматериалдар мен құжаттармен безендірілген.

Шамамен кітап құны – 5000 тенге.

Шежіре кітапты сатып алуға тапсырыс берудің үлгісі

Тапсырыс берушінің Т.А.Ә.	
Ұйымның атауы	
Қызметі	
Дана	
Байланыс телефондары (телефоны, E-mail)	

Ұйым басшысы **Т.А.Ә. (қолы)**

Мөрі

Байланыс телефондары: 32-85-17, 32-85-12, 53-49-30 (үй тел.) **Шакиримова Вера Саттарқызы**